

Импорт алмастыру Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізі ретінде

Г.Ж. Азретбергенова¹, Б.С. Мырзалиев², М.Б. Онбаева³, М.Е. Мунасипова⁴

Түйін

Мақалада қазіргі кезеңдегі жаһандану жағдайында мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің негізгі құрамдас бөлігі азық-түлік қауіпсіздігінің мәселелері қаралған. Қазақстанда азық-түлік тауарларының өндіріс жүйесін құрып, импорт алмастыруды қолға алыну керектігі дәлелденген. Сонымен қатар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, импорт алмастырудың маңыздылығы анықталған. Азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізудің маңызды факторы импорт алмастыру болып табылатындығы ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Зерттеудің мақсаты отандық агроөнеркәсіпті дамыту және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, Қазақстанның ауыл шаруашылығы әлеуетін ұтымды пайдалану арқылы барлық мәселелерді шешуге мүмкіндік жасау, сондай-ақ жаһандық агро азық-түлігі нарығында Қазақстан лайықты орын алуға жол ашатын бағыттары қарастырылған.

Түйінді сөздер: импорт алмастыру, экономикалық қауіпсіздік, азық-түлік қауіпсіздігі, аграрлық азық-түлік өнімдері, ауыл шаруашылығы.

Аннотация

В статье изучены проблемы продовольственной безопасности как составляющей экономической безопасности государства в условиях глобализации мировой экономики. Доказана необходимость формирования и развития системы импортозамещения продовольственных товаров в Казахстане, которая объективно обусловлена и является важнейшим фактором достижения продовольственной безопасности. Только тогда рациональное использование огромного аграрного потенциала может снять практически все вопросы надежного обеспечения отечественным продовольствием, что позволит стране занять достойное место на мировом агропродовольственном рынке.

Ключевые слова: импортозамещение, экономическая безопасность, продовольственная безопасность, агропродовольственная продукция, сельское хозяйство.

Summary

The article examines the problems of food security as a component of the state's economic security in the context of the globalization of the world economy. Proved the need for the formation and development of the system of import substitution of food products in Kazakhstan, which is objectively determined and is the most important factor in achieving food security. Only then the rational use of the enormous agricultural potential can remove almost all the issues of reliable provision of domestic food that will allow the country to occupy a worthy place in the global food and food market.

Keywords: import substitution, economic security, food security, agro-food products, agriculture.

Кіріспе.

¹ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қаржы аудит кафедрасының профессоры. Экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Түркістан қаласы, e-mail: gulaj@mail.ru

² Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Экономика кафедрасының профессоры, э.ғ.д., профессор. Түркістан қаласы, e-mail: borash2006@mail.ru

³ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, докторант, e-mail: maira.nurjanova@mail.ru

⁴ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қаржы және бухгалтерлік есеп кафедрасының доцент м.а., э.ғ.к., e-mail: Munasipova1962@mail.ru

Экономикалық қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі азық-түлік қауіпсіздігі болып табылады.

Азық-түлік қауіпсіздігі - бұл экономикалық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі және олардың екі жақты қарым-қатынасын айқындайды.

Кез келген мемлекеттің экономикалық тұрақтылығында азық-түлік қауіпсіздігін алатын орны ерекше. Сонымен қатар басқа қауіпсіздіктердің түрлерімен салыстырғанда, экономикалық қауіпсіздіктің құрамына кіретін азық-түлік қауіпсіздігі біріншісі және негізі болып табылады.

Халықаралық стандарттары бойынша тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырудағы, өмірді қамтамасыз етудің стратегиялық ұлттық басымдылықты іске асырудың басты шарты демографиялық саясатының негізгі құрамдас бөлігі мемлекеттің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтап қалу үшін елдің экономикалық қауіпсіздігінің негізгі құрамы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндет болып табылады.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясында «импорталмастыру» түсінігі, отандық қуатты, заманауи агроөнеркәсіптік кешендерді құруға бағытталған, азық-түлік нарығында бірнеше бөліктерде ауыл шаруашылығымен айналысатын кешендерде өндірісті дамыту болып табылады. Бұрынғы Кеңес Одағы, оның ішінде Қазақстанда мемлекеттің басқару тәжірибесінде импорталмастыру стратегия ретінде әзірленіп, пайдаланылмаған, бірақ басқару жүйесінде оның элементтері (шектеу, квоталау, лицензиялау және т.б.) қолданылған.

Қазіргі кезеңдегі нарықтық экономикалық Қазақстанда импорталмастыру мемлекеттің экономикалық саясатының құрамында бірнеше іс-шаралар ретінде қабылданады, мемлекеттің экономикасын жетілдірудегі негізгі басымдықтар ретінде сыртқы және ішкі нарықта, отандық өндірісте өндірілген өнімдермен қамтамасыз ету, шетелден келетін өнімдерді шектеу, шетелдік тауарлардан отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ұлттық экономикада отандық өнімдердің үлесін арттыру басымдылығы негіз болады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін, сыртқы (кедендік) және сыртқы (кұрылымы, өндірістік, салықтық, қаржылық, инвестициялық, инновациялық) бағытында экономикалық

саясатты жүргізу қажет.

«XXI ғасырдың қазіргі таңда орын алып жатқан оқиғалар барысында, азық-түлік қауіпсіздігі өте маңызды, алдымыздағы үш онжылдықта жер бетінде, азық-түлікті қолдану екі есеге артады деп есептелуде, сондықтан да біз азық-түлікті мұндай қолдану дәрежесіне дайын болуымыз қажет» [1].

Отандық кәсіпкерлер тауарлардың номенклатурасын көбейту арқылы ішкі және сыртқы нарықта отандық тауарлардың үлесін арттыру арқылы отандық өндірушілердің экономикадағы үлесін арттыруға жол ашылады деп бағалады. Осы бағыттағы отандық тауарлардың экспорттық әлеуетін арттырумен қатар отандық тауарлардың ішкі нарықтағы әлеуетінде арттыру қолға алынып, халық тұтынатын тауарлардың номенклатурасын көбейту. «Егер мемлекет сырттан неғұрлым аз тауар кіргізсе, ол мемлекет соғұрлым тәуелсіз мемлекет» [2].

Әдеби шолу. Негізгі арнайы әдебиеттердің сараптамасы көрсеткендей, қазіргі таңда импорталмастыруға экономикалық категория ретінде нақты және айқын анықтама жоқ. Азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінде импорталмастыру *«кейпі» коэффициент ретінде танылып, отандық өндірісте өндірілген өнімдермен тұрғындардың негізгі қолданатын азық-түлік тауарларын қамтамасыз ету деңгейі болып табылады* [3,4,5].

Бұл көрсетілген коэффициентті есептеу ортасы негізгі ауыл шаруашылығы өнімдерін есептеу (нан және нан өнімдері, картофель, сүт және сүт өнімдері, көкөністер, жұмыртқа, ет және ет өнімдері) деңгейі арқылы бір аймақтың немесе мемлекеттің толық қамтамасыз етілу, жетімділік деңгейі анықталады. Негізгі коэффициенттің маңыздылығының ең қиыны, атап айтқанда – оның көлемі мен маңыздылығы негізінде объективті түрде ішкі нарықтың қорғалу деңгейін көрсетеді.

Кейбір әдебиеттерде импорталмастыру бұрынғы сырттан импортталған тауарлардың, ол тауарлардың елдің ішінде өндірісі деп танылады. Сонымен қатар импорталмастыру белгіленген бір тауардың мемлекеттің аумағында отандық өндірушілер өндіруін арттыруды ұйымдастыру негізінде, сырттан импортталуының толығымен тоқтауы немесе азаю деңгейін көрсетеді [6].

Импортты алмастыру - бұл экономиканы нығайту, жаңа өндірістерді құру, жұмыс орындарын құру және елдегі адамдардың өмір сүру сапасын жақсартудың онтайлы тәсілі. Сондықтан Қазақстанда, сондай-ақ әлемнің басқа елдерінде жергілікті өндірістің дамуын ынталандырылады. Отандық тауар өндірушілерді қолдау мемлекет тарапынан жүргізіледі.

Импорталмастыру дегеніміз белгіленген тауарды толығымен мемлекеттің аумағына кіргізбей, шектеу деген мағынаны бермейді, сырттан тасымалданып импорт құрамын құрайтын тауарлардың көлемін азайту болып табылады. Сонымен қатар импорталмастыру дегеніміз белгілі бір тауар түрін мүлдем елдің аумағына кіргізбей шектеу деп қарастыра алмаймыз, мысалы Қазақстанда өндірілмейтін тауарлар - экзотикалық жемістер, кофе, елімізде өсірілмейтін ерекше құс пен мал еттері мен балық өнімдері және тағы басқа түрлерін көрсете аламыз.

Белгілі бір дәрежеде қауіпсіздік тұрғысынан азық-түлік қауіпсіздігі негізгі қоғамның және жеке адамның негізгі мақсаты болды, немесе адам баласының қызметіндегі басты өзін қорғау сезімі ретінде, яғни адам өзінің өмірін жалғастыру барысында, өзін-өзі сақтап қалуы үшін ішкі түйсігінің жұмыс жасауы ретінде қарастырылады [7].

1974 жылы БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымдарының тарапынан әзірлеген ұсыныстарды БҰҰ Бас Ассамблеясы құптады. «Әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің халықаралық міндеттемесі» атты мәтінде келесі анықтамалар беріледі: «Азық-түлік қауіпсіздігі – мемлекеттердің тұрғындарының бәсекегеқабілетті тамақ өндірісіндегі отандық тамақ өнімдерінің түрлерінің көбеюі және сандық-сапалалық жағынан пайдалану деңгейімен қанағаттануы мен қамтамасыз етілуі» [8,9]. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтарда «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі» Заңында еліміздегі ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету көрсетілген.

Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігінің дәрежесі 3 деңгеймен анықталады.

Біріншіден, мемлекетте ішкі нарықта отандық өндірісі азық-түлік тауарларының құрамы. Егерде бұл көрсеткіш, яғни азық-түлік қауіпсіздігі 80-85% құраса, онда бұл көрсеткіш үйлесімді, ал бұл көрсеткіш 60-80% құраса онда елдің ішіндегі азық-түлік қауіпсіздік көрсеткіші – жеткіліксіз; ал 60%- құраса қауіпті (импорт тәуелділігі артады) [10].

Екіншіден, егерде елдің ішінде азық-түлік өнімдерін өндіру барысында, сақтандару көлемі яғни қосымша өнім шығару қоры (90 күн, немесе жылдық тұтыну көлемінің 17%) құраса біз елде азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілді деп көрсете аламыз [11]. Егерде әлемде орын алған азық-түлік қауіпсіздігінің мәселелерін қарастыратын болсақ, барлық мемлекеттердің азды-көпті азық-түлік импортына тәуелділігі бар.

Әлемде өзінің отандық өндірісі өзіне толық жететін азық-түлікпен түгелдей қамтылған 7 мемлекет бар, ал 75 мемлекетте азық-түлікпен қамтамасыз етілу деңгейі 70-80%, ал 50 елде бұл көрсеткіш 50-60%, жалпы жер бетіндегі халықтың 1 млрд. құрайды [12]. ЕвроОдақ бойынша дән-дақылдар өнімінің өзін-өзі қамтамасыз етуі 122 %, қант өнімдері- 127 %, май өнімдері 107 % [13].

Қазіргі кезеңде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Қазақстандағы экономиканың басымдылық бағыты ауыл шаруашылығын дамыту және оның тиімділігін арттыру екендігі баршаға белгілі. Сондықтан Қазақстан Республикасының осы саласын дамыта отырып, ауыл шаруашылығы саласындағы азық-түлік өнімдерін әлемдік нарыққа шығару мүмкіндігі, сонымен қатар экспорт түрлерін әртараптандыруға жаңа стратегиялық серпін береді.

Еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелесін келешектегі Қазақстанның даму деңгейін қамтамасыз етудегі шешуші қадам ретінде қарастыра отырып «Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етілуі қажет. Мұндай мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін, елімізде ауыл шаруашылығы мен тамақ өндірісіне салынатын инвестициялар көлемін ұлғайту және азық-түліктің тұтыну деңгейі қанағаттандырылмайтын түрлерін, яғни тамақ өндірісіндегі азық-түлік өнімдерін

өндірудің тұрақтылығын қамтамасыз етуге көңіл бөлінуі қажет [14]. Нәтижесінде, елімізде ішкі нарықта тамақ өнімдерінің 80% отандық өндірісі қамтамасыз етуге бағытталады [15].

Қазақстан Республикасының ҰЭМ-нің агентігінің берген статистикалық мәліметтерінің негізінде, 2016-2017 жж. орташа республикада қамтамасыз ету деңгейі дәнді-дақылдар өндірісі 120,5 %, ет өнімдері – 68,4 %, сүт өнімдері – 82,8 %, жұмыртқа – 71,2 %, картоп өнімдері – 165,6 %, бақша өнімдері мен көкөністер – 87,3 %, жеміс-жидекпен жүзім өнімдері – 34,7 %.

Импорттық жеміс-жидек өнімдерін тұтыну және өңдеу деңгейі 84,57 %, балық пен балық өнімдері – 75,72 %, өсімдік майы – 48,33 %, ет және ет өнімдері – 18,64 %, сүт пен сүт өнімдері – 15,12 % [16].

Евразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) мүше елдерінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағыты АӨК саласында, бұдан да терең интеграциялық үдерістерге айналуы қажет. Біздің көзқарасымыз бойынша, арнайы жолдар қарастырылған, негізгі басты бағыт интеграцияға барынша ең жоғарғы деңгейге шығу, тереңдетілген кооперацияға жалғасу қажет. Бұл көрсетілген тауарларды жеткізу және келісім-шарт міндеттемелері ретінде қарастырылмайды. ЕАЭО-дың ішкі ауыл шаруашылығы нарығында, кооперациялар резерв ретінде мемлекеттік жеке тауарлар тобын құруды көздеуі қажет [17,18].

Евразиялық Одақтың агроөнеркәсіптік саясатында негізгі бағыттары келесідей: аграрлық нарықты ырықтандыру, агроөнеркәсіптік кешендерді мемлекеттік қолдау; агроөнеркәсіптік кешендерді дамытуды болжауды әзірлеу;

Өнім айналымы мен өндіріс саласында біртекті талаптар; дайын тамақ өнімдері мен ауыл шаруашылығы шикізаттары тауарларының таралуын және біртекті логистикалық жүйені құру; агроөнеркәсіптік кешендердің дамуының ғылыми және инновациямен қатар жүруі; азық-түлік пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру; мемлекет аралық интеграция мен кооперацияның дамытудағы институционалды шарттарын құру; біртекті ақпараттық жүйе құру [19].

Импортталмастырудың негізгі сапалық мақсаты ереже бойынша ауыл шаруашылығында тамақ пен өңдеу өндірістерінің әлеуетінің

артуымен анықталады.

Импортталмастыру агроөнеркәсіптік кешендерді экономикалық тұрғыдан дамыту, ауыл шаруашылығы саласында жаңа отандық өндірісті құру және отандық тамақ өндірісін тұрақтандыру арқылы импортты үйлесімділеу тәсілдерін қолданылып, мәселелерді шешу [20,21].

Әдістеме. Ауыл шаруашылығындағы отандық өнімдердің өндірісі, экономиканың басқа салалары сияқты, шетелдік тәжірибелер негізінде сырттай және тікелей ұқсас түрлерімен салыстырылу арқылы оның тиімділігі анықталады.

Нарықтық шарттарда бәсекелестікті танытатын үдерістерде, нақты көрсетілген пішін мен көлемге ие бола алады. Қазіргі кезеңде ғылым мен басқару саласында «импортты алмастыру» термині экономикалық өсу мен Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың ең қолайлы стратегиясының бірі ретінде өзін-өзі қамтамасыз ету тұрғысынан азық-түлік қауіпсіздігінің жоғары деңгейіне қол жеткізудегі ең маңызды фактор болып табылады.

Адамның басты қажеттіліктерінің негізгісі азық-түлік қауіпсіздігіне деген зәрушілік болып есептелінеді. Соның ішінде адамның тамақпен қамтамасыз ету қажеттілігі өте маңызды болып табылады. Ауыл шаруашылығы саласын үдемелі дамытудың негізі, азық-түлік қауіпсіздігін арттыру жолындағы үдерісті шапшаңдату рөлін атқаратын факторлардың бірі - импорт алмастыру болып саналады.

Адам өмірін жалғастыру үшін, қауіпсіздіктің қажеттілігі аса маңызды, себебі өмірді әрі қарай сүру үшін, адамның азық-түлікке деген қажеттілігі бірінші кезекте орын алады. Негізгі факторлардың бірі ретінде ауыл шаруашылығы саласының дамуы мен азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға үлкен серпін береді.

Осы бағыттағы проблемаларды шешу үшін, импортталмастыруды заманауи экономикалық өмірдің бір бөлігі ретінде оның теориялық және әдістемелік негіздерін құру қажет. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі импортталмастыру жүйесі ғылымға негізделген іс-шаралардың кешені ретінде, импортталмастыру өндірістік және сауда айналым жүйесіне енгізу үрдісі болуы қажет. Қазіргі таңда шетелдік және отандық

зерттеушілер тарапынан импорталмастырудың теориясы мен әдістемесі әзірленуде.

Нәтижелер мен талқылау. Тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері тек Қазақстан Республикасына тән ерекше құбылыс болып табылмайды. Азық-түлікті қамтамасыз ету мәселесі барлық уақытта болған, бұдан кейін де болады, жалпы әлемге тән мәселе болып табылады.

Бірақ бұл мәселелерге әлемдік тәжірибе мен экономикалық ғылым алғаш рет әлемдік және ұлттық экономикалық қауіпсіздіктің негізі ретінде азық-түлік мәселелеріне салыстырмалы түрде жақын арада, яғни XX ғасырдың 70-ші жылдардың орта кезеңінен бастап көңіл аударыла бастады.

Бұл мәселеге әлемнің көңіл аударуының себебі, әлемдегі алдыңғы қатарлы дәнді-дақылдарды өндіретін мемлекеттердің өндіріс көлемінің төмендеуіне байланысты орын алды.

Әлемде орын алған дәнді-дақылдар нарығында жиынтық ұсыныстың төмендеуі және азық-түліктің басқа түрлерінің бағасының артуы азық-түлік нарығындағы жағдайды тұрақсыздануы себеп болды деуге негіз бар.

Бидай өнімдерін экспорттаушы мемлекеттердің келісім-шартта көрсетілген міндеттерін орындаудан бас тартуы, кейбір мемлекеттердің күнделікті өмірге аса қажетті азық-түліктердің түрлерінің өткір жетіспеушілігінің салдары, мемлекеттің экономикалық және саяси тәуелсіздігінен айырылып қалу қаупі туындады.

Сонымен қатар, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету өзекті мәселелердің бірі ретінде, яғни агроөнеркәсіп мен экономикалық жаңғыруы басымды кезеңдерінің негізгі мүмкіндіктерін жинақтайды, ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өнімдерінің өндірісін дамыту үрдісінің кезеңдік жағдайын көрсетеді. Сондай-ақ отандық азық-түлік нарығының оның импортқа тәуелділік деңгейі мен мемлекеттің тұрғындарының төлем қабілеттілігі ахуалында сипаттайды.

Азық-түлік қауіпсіздігі - экономикалық қауіпсіздіктің ішкі бір құрамдас бөлігі. Экономикалық әдебиетте азық-түлік қауіпсіздігі – бұл салыстырмалы жаңа экономикалық категория. Азық-түлік қауіпсіздігінің ағылшын тіліндегі түпнұсқасы – (food security) екі

жолмен: азық-түлік қауіпсіздігі және азық-түлікпен қамтамасыз етілу ретінде аударылады.

Біздің пікіріміз бойынша, ағылшын тілінде аударманың екінші нұсқасы аталмыш категорияның түпкілікті мағынасын береді, себебі тұрғындарға азық-түліктің экономикалық қол жетімділігіне кепілділігін қамтамасыз етеді, бірақ бірінші нұсқасы тікелей аударма негізінде түсінікті, жақсырақ сәйкес келеді.

Азық-түлікпен мемлекетті, аймақты, үй шаруашылықтары және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету адамзаттың алдында ықлым заманнан бері келе жатқан мәселе болып табылады. Мемлекет деңгейінде осы мәселені барлық уақытта тиімді шешуге тырысқан, себебі азық-түліктің жетіспеу мәселесі, бірінші кезекте қоғамда әлеуметтік қақтығыстардың орын алуына әкеліп соғатындығы белгілі.

БҰҰ (2015) статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, әлемдегі азық-түлік жеткілікті болып көрінсе де, 1,2 млрд. адам аштықтың азабын тартуда, аштықтан жылына 10 мың бала мен 25 мың үлкен адамдар өледі.

Сарапшылардың пайымдауынша, 2020 жылға қарай қазіргі ұрпақтың өмірінде азық-түлік мәселесі терең халықаралық дағдарысқа айналуы және бүкіл әлемде бірқатар жағымсыз әлеуметтік жанжалдар туындауы мүмкін деп санайды.

Импорталмастырудың келешегі туралы сөз қозғау үшін, ең алдымен қазіргі кезде біздің экономика қаншалықты импорт тауарларға тәуелді екенін білуіміз қажет.

Елімізде доллардың бағамының өзгеруі, яғни қымбаттауы, азық-түлік өнімдерінің бағасының күрт өсуінің негізінде, тұрғындар қымбатшылықты қатты сезінді. Осының негізінде, біз экспорттаушы мемлекеттен, импорттаушы мемлекетке тез айналуымызға себеп болды.

Қазақстанның жерінің көлемі барлық Батыс Еуропаның жер көлеміне тең келеді, сондай-ақ бұл жердің 80% ауыл шаруашылығын жүргізуге қолайлы. Осы ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің арқасында, мемлекет аумақтық және жаһандық деңгейде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Қазақстан әлемде жан басына шаққанда (1,5 га) жыртылған жерлердің көлемі бойынша екінші орынды алады, әлемдік азық-түлік экспорттаушы мемлекеттің алғашқы ондығынан сенімді түрде

орын алады. Сондықтан Қазақстанда жаңа аграрлық технологияны пайдалану арқылы біздің экономикамыздың ауыл шаруашылығы саласында азық-түлік өнімдерінің көлемін арттыру және оның тиімділігін жоғарылату қазіргі заманның бірінші кезектегі талабы.

Дамыған және дамушы елдерінің алдыңғы қатарлы елдерінде қолданылатын жаңа агротехнологияларды қазақстандық табиғи-климаттық жағдайларға бейімдеу арқылы, елімізде ауыл шаруашылық өнімдерін азық-түлік өнімдерінің өндірісін, ішкі сұраныстан асып түсетін деңгейге айтарлықтай арттыруға және осылайша тауар экспортының қосымша түрлерін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда орын алған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ғылыми негіздерін зерттеу келе, қауіпсіздікті бағалау, оларды болжау әдістерін жетілдіру, бұл әдістердің негізін құрау, экономикалық-математикалық моделдеу арқылы болжау жұмыстары жүргізілуі қажет.

Қазақстан Республикасында тамақ өнімдерін өндіру қазіргі кезеңде өкінішке орай, экономикалық тиімді болмай отыр. Біздің елімізде әлемдік тамақтану жүйесіндегі стандарттарда көрсетілген нормаларға толық сәйкес келмейтіндігі белгілі. Тамақтану барысында қолданылатын азық-түлік өнімдерінің көбісінің сапасы жеткілікті деңгейде емес. Осы көрсетілген нормаларға сәйкес, тұрғындардың сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етілуі және елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қажетті деңгейде тұрақты ұстау үшін негізгі қолданылатын азық-түлік өнімдерінің сапасы мен түрлерін көбейтіп өзімізде өндірілу жолдарын қарастыру қажет.

Ішкі нарыққа өнімдерді импортталған өнімдерге ұқсас етіп енгізуге бағытталған және оларды баға немесе сапа жағынан кем түспейтін шараларды үйлестіру әлемдегі барлық мемлекеттердің жасайтын іс-шаралар бағдарламалары құрылған. Мысалы кейінгі жылдары Ресей Федерациясы үшін ішкі саясаттың басым бағыты импорталмастыру болып табылады. Қазіргі уақытта Ресеймен бір экономикалық одақта бірге болғандықтан, Қазақстанның экономикасына Ресей Федерациясына Еуропалық Одақ пен АҚШ-тың қолданған экономикалық санкцияларына жауап ретінде импортты алмастыру саясатын

жүзеге асыру тетіктерін кешенді зерттеп іске асыруға мемлекеттік бағдарламалар негізінде іске асыруға бағытталуы қажет. Қазақстан үшін Ресейдегі импортты алмастыру саясатын жүзеге асыру тетіктерін анықтау, импортты алмастыру саясатын тұрғысынан Ресей үшін басым секторларды зерттеулердің импортты алмастыру саясатын оң және теріс көріністерін талдау арқылы импорталмастыруға арналған бағдарламалар жоспарлаудың да қажеттілігі бар.

Импортты алмастыру күрделі жүйе, отандық өндірісті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған шаралар жиынтығы болып табылады. Отандық тауар өндірушілердің ғылыми және өндірістік әлеуетін дамыту мемлекет тарапынан толықтай қолдау болғанда ғана, ол оң нәтижесін береді. Отандық өндірісті дамытуға қолайлы жағдай жасау үшін, мемлекет қабылдаған шараларды, өндіріске енгізу арқылы нәтижелі болады деп көрсете аламыз.

Қазақстан үшін өзін-өзі тамақ өнімдерімен қамту және пайдаланудың ең қолжетімдісі ет өнімдерін өндіру болатын болса, соңғы жиырма бес жылдық кезеңде елімізде етпен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі 2016-2017 жылдары 1990 жылмен салыстырғанда 39 %-ға (1,122 ден 0,684-ке), өңделген бидай 29,2%-ға (1,702 ден 1,125-ке), жұмыртқа – 16,2 %-ға (0,856 дан 0,712-ге), сүт – 0,5 %-ға (0,832 ден 0,828-ге) кемісе, бұл көрсеткіш бақша, картофель және жеміс-жидек өнімдері бойынша сәйкесінше 48,2%, 28,1% және 48,5 %-ға артқанның байқаймыз (1 кесте).

Жоғарғыда көрсетілген мәліметтердің негізінде Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі орын алған ауқымды мәселелерді шешу үшін, азық-түлік қауіпсіздігін толыққанды қамтамасыз ету моделін іске асыру үшін төмендегі бағытты жұмыстар жүргізілуі қажет:

- отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің тиімділігін арттыру;
- тамақтану және азық-түлік өнімдерін өңдеу өндірісін дамыту;
- аграрлық және тамақ өнімдерін мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру;
- сыртқы сауда саясатын отандық өндірушілердің пайдасына қарай жүзеге асыруды қолға алу.

Кесте 1 – Қазақстанның негізгі азық-түлік өнімдерімен өзін-өзі коэффициенттік қамту деңгейі

Жылдар (жылдың орташа көрсеткіші)	Сүт	Жұмыртқа	Бақша өнімдері мен көкөністер	Картофель	Жемістер, жидектер мен жүзім	Бидай, өңделген	Сойылған мал еттері
1990	0,832	0,856	0,589	1,288	0,233	1,702	1,122
1991-1995	0,769	0,632	0,448	1,208	0,087	1,068	0,905
1996-2000	0,561	0,316	0,630	1,026	0,090	0,728	0,544
2001-2005	0,713	0,501	1,003	1,441	0,134	0,961	0,575
2006-2010	0,812	0,645	0,818	1,663	0,198	1,208	0,672
2011-2015	0,820	0,650	0,857	1,545	0,303	1,125	0,680
2016-2017	0,828	0,712	0,873	1,650	0,346	1,205	0,684
Ескерту-Ұлттық экономика министрлігі мен статистикалық по Агенттігінің мәліметі							

Келешекте жоғарыда аталған мәселелерді шешу Еуроазиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) қатысушы мемлекеттер арасында агроөнеркәсіптік кешендерді дамыту мәселелері XXV «Агроөнеркәсіптік» бөлімінің қосымшасы №29 Ауыл шаруашылығы саласын қолдау шаралар протоколында» қарастырылған. Сонымен қатар 2013 жылғы 29 мамырдағы келісілген агроөнеркәсіптік саясат тұжырымдамасына сәйкес оны іске асыру үшін 2014 жылғы 21 қарашада іс-шаралар жоспары жасалған және ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай ережелері туралы келісімге қол қойылған болатын. Дегенмен, аталған шаралар мен жоспарлар ЕАЭО мемлекеттерінде толық орындалмай келе жатқандығына байланысты Қазақстанда азық-түлік өнімдерін өндіру, импортталмастыру жағдайы әліге дейін шешімін таппай келе жатқан мәселелер қатарына жатады.


Келісім-шарттар негізінде жасалған институционалдық база ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешуге, кедендік-тарифтік саясаттың түрін құруға және ЕАЭО мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылық шикізатының және дайын тамақ өнімдерінің тізімдемесі мен экспортының көлеміне қатысты ортақ идеяға қол жеткізуге келешекте кешенді жаңа көзқарастар қалыптасады деген сенім бар.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің индексі салыстырмалы кезеңде ауыл шаруашылығы өндірісі көлемінің өзгерін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш болып табылады. Индекс өндірістің нақты көлеміндегі өзгерістің нәтижесі ретінде өндіріс үдерісінде пайда болатын мәнді өзгертуді сипаттайды.

Талдау көрсеткендей, ЕАЭО 2013-2016 жылдарға арналған АӨК-нің нақты көлем индексі серпіні 3,0-5,6 пайызды құрайды (1-сурет).

ЕАЭО елдерінің өзара саудасының дамуына орталықтандырылған одақтық мемлекеттің құлдырауынан кейінгі дағдарыс қатты әсер етті. Көптеген жылдар бойы қалыптасқан өндірістік және сауда қатынастары бұзылып, әрбір мемлекет әлемдік нарыққа өз бетімен кіруге тырысты.


2012-2017 жж кезеңін көрсеткіштерін талдау барысында елдердің өзара саудада қатысуын сипаттайтын көрсеткіштер айтарлықтай өзгерген жоқ: ең жоғарғы деңгей Ресей Федерациясының үлесіне тиеді - 60% шамасында. ЕАЭО сауда-саттық саласы бойынша Қазақстанның өзара сауда айналымы 10% -дан төмен. Бүгінгі таңда өзара сауда қатынастарындағы Одаққа қатысушы елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайлары әртүрлі деңгейде. ЕАЭО елдерінің экономикасында бұл орын алған көптеген мәселелер елдердің экономикасындағы дағдарысымен түсіндіріледі, ол негізінен өндірілген тауарлар айналымының саудаға әсер етуі. Бұл нарықта орын алған өзара жеткізілімдердің ең төменгі үлесі Белоруссия мен Қазақстан арасында байқалады. Бұл интеграциялық бірлестіктің өзара тауар айналымының 2% -дан төмен көрсеткіші. Қазақстаннан Белоруссияға тауар жеткізу басқа сауда салаларымен салыстырғанда ең төменгі көрсеткіші болып табылады. Жоғарыда аталған ЕАЭО-ға қатысушы үш мемлекеттің сараптамасы бойынша, бір елдің, Белоруссияның экономикасы ішкі нарыққа көбірек көңіл бөледі, оны біріктіретін жағдайда үшінші елдермен сауда жалпы сыртқы сауданың жартысына жуығын құрайды.



Сурет 1 – ЕАЭО ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты көрсеткіштер көлемі

Белгілі дәрежеде Ресей Федерациясы сырты сауда саласы бойынша үшінші мемлекеттермен сауда-саттық айналымы 90 %-ды құрайды. Аталған мемлекеттер экспорт құрылымын анықтауда да осындай бағыттар бойынша жұмыс жасап келеді. Айта кету

керек, өзара ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі бойынша айналым саудағы көлемі 2012-2016 жылдары 1,1 % өсті, өзара кешенді сауда айналымында өзара сауда-саттық үлесі 3,4 % артты, үшінші мемлекеттерде агроөнеркәсіптік өнімдерінің импорт көлемі азаю көрсеткіші –17,2 % көрсетті (сурет 2).



Сурет 2 – ЕАЭО сауда айналымында агроөнеркәсіптік өнімдердің салыстырмалы және абсолютті көрсеткіштер динамикасы

Қазақстанда тамақ және ауыл шаруашылығы өнімдерімен импорт алмастыру бағдарламасы бойынша басқа ЕАЭО-тың қатысушы елдері арасында жүзеге асады. Ресей Федерациясының кейбір аймақтары мен Беларусь негізгі өзара өнімдерді тасымалдау арқылы іске асыруға мүмкіндіктер қарастырып келеді.

Сонымен қатар қазақстандық АӨК-дерге қарасты салаларға өзара капитал салу көлем көрсеткішін 2017 жылмен салыстырғанда 2 есеге арттыру көзделген. Мұндай жағдайда көрсеткіштерді талдай келе біздің елімізде экономикалық бірлік аясында ортақ өндірістерді құра отырып, ауыл шаруашылығы саласында өнім көлемін үш есеге арттыруға болады.

2017 жылы Евразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) елдерінің арасында ауыл шаруашылығы өнімдерінің сауда-саттық көлемі

2010 жылы Кеден Одағы құрылғаннан бастап 63% өсіп, 8,2 млрд АҚШ долларын құрады. Сонымен қатар үшінші мемлекеттер арасында тамақ өнімдерінің экспорты екі есеге артты. 2017 жылдың есебі бойынша ЕАЭО ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнімдерінің экспорт көлемі 3,6 млрд долларға артты, өткен жылмен салыстырғанда 20,6 млрд доллар көлемін құрады.

2017 жылы ЕАЭО-та ауыл шаруашылығы өнімдерінің сауда-саттық ауқымы 155 мемлекеттерге кеңінен етек жайды, географиялық масштабы кеңейді. Елдер арасындағы негізгі тұтынушы мемлекеттер ТМД (14,2%), Евразиялық экономикалық Одақ (11,7%), Қытай (9,6%), Түркия (9,2%), Египет (8,6%), Корея Республикасы (7,1%), Иран (3,6%) болып отыр.

Сурет 2 – ЕАЭО агро азық-түлік өнімдерінің өзара сауда-саттық көрсеткіштері

ЕАЭО мүше мемлекеттер	Өзара сауда көрсеткіштері, АҚШ млн.долл			Негізгі экспорттық тауарлар	ЕАЭО негізі нарықта өткізуі
	2016 ж.	2017 ж.	2017 ж 2016 ж., %		
Армения	187,3	260,7	139,2	Спирттік ішімдіктер, жеміс-жидектер және көкөністер, ірімшіктер және сүзбе, темекі өнімдері және т.б. минералды сулар	Ресей, Қазақстан, Беларусь
Беларусия	3866,0	3594,0	93,0	Ет және сүт өнімдері	Ресей, Қазақстан, Армения, Қырғызстан
Қазақстан	474,3	423,6	89,3	Бидай, темекі, минералды және тәтті газдалған су кондитерлік өнімдер, ұн, құс еті	Ресей, Қырғызстан
Қырғызстан	105,2	108,4	103,0	Кептірілген бұршақты көкөністер, құрғақ жеміс қоспалары жаңғақтар, картоп, ірімшіктер және т.б. ірімшік, жас жеміс	Қазақстан, Ресей
Ресей	2422,1	2460,6	101,6	Күнбағыс майы, Шоколад өнімдері, нан және ұн өнімдер, темекі өнімдері	Қазақстан, Беларусь, Армения
Дереккөзі: ЕАЭК мәліметтері негізінде құрастырылған [22]					

Евразиялық Одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы өнімдерінің сауда саттығы қарым-қатынастары сапалы жана деңгейге көтерілді. Егер 2010 жылы Одақ ауыл шаруашылығы өнімдерінің ірі импортері болып саналып 30 млрд. доллар көлемінде

теріс сальдо көрсетсе, ал 2017 жылы аталған көрсеткіш төменгі деңгейді құрап – 9,6 млрд. долларға дейін төмендеген (2 кесте).

Қазіргі кезеңде ғылыми тұрғыдан экономикалық болжамдар бойынша жақын арада мал шаруашылығы өнімдерінің ішінде

басымдықты экспорттық ұстанымы негізінен құс және шошқа етінің үлесінде болып отыр. Болашақта, 2020 жылға қарай Евразиялық Одақ сиыр етімен 20-30 мың тоннаға дейін қамтамасыз ете отырып, тұрақты сүт өнімдерін экспорттай алады. Ал сүт тобына ұзақ сақтау мерзімі бар құрғақ сүт, ірімшік, ірімшік өнімдері, балмұздақ сияқты өнімдер кіреді. Қазақстанның негізгі әріптестері ТМД мемлекеттері мен Қытай Республикасы болып табылады. Сонымен қатар

келешекте Қазақстанның Азиялық Вьетнам, Бангладеш, Оңтүстік Корея, Индонезия және басқа елдерге жеткізілімдердің өсуі осы аталған мемлекеттермен сауда-саттық көлемінің үлесі артады [23]. Экономикалық болжамдарға сүйенетін болсақ, жақын болашақта экспорттық әлеуеттің басым бөлігі мал шаруашылығына, соның ішінде шошқа еті мен құс еттерінің өнімдері басты басымдылыққа ие болады деп қарастырылуда.

Кесте 3 –2017 жылғы Қазақстан мен ТМД елдерімен экспортты-импорттық операциялары (млн. АҚШ доллары)

Елдер	Экспорт	Импорт	Сальдо	Жалпы көлемде жеке мемлекет-тердің үлесі, %	
				экспорт	импорт
Азербайджан	105,9	33,8	72,1	1,3	0,2
Армения	4,4	4,6	-0,2	0,1	0,0
Беларуссия	95,5	508,6	-413,1	1,2	3,7
Қырғызстан	503,2	255,2	248,0	6,2	1,8
Молдова	29,0	14,4	14,6	0,4	0,1
Ресей	4515,2	11472,9	-6957,7	55,4	82,8
Тәжікстан	458,7	317,6	141,1	5,6	2,3
Түркменстан	55,1	44,2	10,9	0,7	0,3
Өзбекстан	1250,3	735,2	515,1	15,3	5,3
Украина	1138,4	462,1	476,3	14,0	3,3
Жалпы көлемі	8155,8	13848,5	-5692,7	100	100
Ескерту - ТМД мемлекет аралық комитетінің статистикалық мәліметтерінің негізінде					

2017 жылы алдыңғы жылдар сияқты негізгі экспортталған өнім – бидай болып, оның көлемі 39,8%-ды құрады. Осы мақсатты іске асыру үшін экспорт құрылымында шикізат үлесін азайту және ауыл шаруашылық шикізатын тереңдете өңдеу, өнімдерді жеткізу арқылы тауар құрылымын әртараптандыру ұсынылады.

Атап айту керек, кейінгі жылдары ТМД елдерінің барлығында дерлік ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқыны оң серпінді дамыды. Атап айтқанда, барлық ТМД мемлекеттерінің ішінде азық-түлік өнімдерінің өсімі байқалады. Егерде ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемінің өзгеруі, тауарлардың бағаларының ағымдағы бағасы, инфляциялық дәрежесінің өзгерісі бойынша, ауыл шаруашылығы саласы Ресей

Федерациясында, Қазақстан, Беларусия мен Әзірбайжанда сәйкес көрсеткіштері 4,6; 5,7; 3,4 и 5,6 пайызға өсуі байқалады.

Бұл мемлекеттердің ұлттық экономика құрылымында индустриалды салалары жоғарғы дәрежеде дамуымен ерекшеленеді. Бұл көрсеткіш бойынша ең төменгі деңгей Өзбекістанда байқалады.

Қазақстандағы қазіргі ахуалды саралай келе, еліміздің сыртқы сауда айналымында ТМД мемлекеттердің ішінде Ресей Федерациясы бірінші орын алады, экспорттық операциялардың үлесі 55,4%, ал импорттық – 82,8%-ды құрады (кесте.3).

Сонымен қатар қазақстандық өнімдермен шикізаттарды импорттайтын елдердің құрамы – Өзбекістан (15,3%), Украина (14,0%), Қырғызстан (6,2%) және Тәжікстан (5,6%),

Қазақстан тарапынан сатып алынатын тауарлардың басым бөлігі Ресейден кейін, Өзбекістан (5,3%) және Беларусь (3,7%) елдерінің үлесіне тиеді. Сондай-ақ Қазақстанның сауда-саттықтың қалдық қарым-қатынасы Ресей (-6957,7 млн.доллар АҚШ), Беларусь – (-413,1 млн.долл. АҚШ) және Армениямен (-0,2 млн.долл.) теріс сальдо болып отыр.

Қазақстанда 2019 жылы 250 түрлі өндірістік тауарлардың сырттан тасымалдалдану үлесі азайған, ал сол уақыт ішінде отандық өндірушілердің тауарлар өндірісі арта отырып, импорттық тауарлар көлемі 3 есеге төмендеуі импортталмастыру жұмыстары нәтижелі жүргізіліп келе жатқандығын көрсетеді. Бұл бағдарламаның аясында, «қарапайым тауарлардың экономикасы» атты бағдарлама бойынша салаларды дамыту мақсатында жеңілдетілген несиелер беру арқылы өнім өндіретін салаларға мемлекет тарапынан экономикаға 600 млрд теңге, оның ішінде 400 млрд теңге өңдеу өндірісінің қызметіне бөлінген. Қазақстанның импорттық тауарларының көлемі тауар айналымында жалпы 40%-ы немесе 20 млрд доллар АҚШ көлемін құраса, қалған 60 %-ы экспорттың үлесінде.

Соңғы 2016-2018 жылдардың импортталмастыру көлемін арттыру бағдарламасы бойынша, кейбір тауар түрлерінде отандық өндірістегі тауарлардың көлемі артқан. 2016 жылға дейін отандық тауар өндірушілер мен импорттық тұрмыста қолданылатын өнімдер еліміздің нарығын тең бөліскен. Бұл экономикадағы басымды бағыттар отандық тауар өндірушілердің өндірісінің көлемі артқанын көрсетеді.

Сондай-ақ талдау уақыты ішінде Қазақстанда қант өнімдерінің импорттық көлемі 2 есеге азайып жалпы 73,1 мың тоннаны құраса, отандық өндірушілердің өндірген өнімі ішкі нарықта 314,7 мың тонна көлемінде болып, қант өнімдерінің 57%-ын қанағаттандырды. Осы өндірілген тауардың отандық өндірісінің үлесінің негізінде импорттық тауардың көлемі 45%-дан 19%-ға дейін азайды. Бірақ бұл көрсеткіш 2017 жылы қант тауарларының импорт көлемі 41,3%-ға артқандығын көрсетеді.

Сонымен қатар, отандық өндірушілерге берілген жеңілдетілген несиелердің негізгі

бағыты азық-түлік өнімдерін арттыру арқылы тауар өндірушілерде 250 өндірістік тауардың артуына байланысты, импорттың үлесі 82 %-дан 59 %-ға төмендеу көрсеткіші байқалады. «Қарапайым заттардың экономикасы» атты бағдарлама аясында Қазақстанда 2025 жылға қарай импортталмастыру көлемі 59%-дан 37%-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді. Отандық тауар өндірушілердің өз тауарын өндіру негізінде импортталмастыру жүйесі отандық тауарлардың ішкі нарықта халықтың тұтыну деңгейін арттырып, біріншіден, еліміздің бюджетіне 1,1 трлн теңге салықтық төлемдер түсіріп, екіншіден, жалпы әлеуметтік тұрғыдан еліміздегі жұмыссыздықты жою барысында жергілікті жерлерде 16 мың тұрақты жұмыс орындарын ашуға оң ықпал етуде. Бағдарлама аясында 2025 жылға қарай Қазақстан Республикасы экономикасының «Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасында жұмыс жасайтын өндірістердің негізінде 2,4%-ды құрайды деп күтілуде.

Қорытынды. Сыртқы сауданы жетілдіру және еліміздің экономикасын дамыту үшін, сыртқы сауданың тиімділігін арттыруды онтайландыру мақсатында, тар алаңға бағытталған тауарлардың экспортынан бас тартып, экспорттық тауарларды әртараптандыру ағынын көбейту, сондай-ақ импорттық тауарлардың көлемін азайтып, Қазақстанда шығарылатын тауарлардың өндірістік қуатын арттыру арқылы аталған мәселелерді шешу жолдары қарастырылады.

Мемлекетте азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету, халық тұтынатын тауарлар, ішкі нарықта тамақтануда қолданылатын тауарлармен қамтамасыз етілуі, сыртқы саудаға ең төменгі деңгейде тәуелді болу арқылы іске асыруға болады.

Осы көрсетілген даму үлгісіне қол жеткізу үшін, сапалы және халық тұтынатын тауарлармен қамтамасыз етілуі қажет. Еліміздің аумағындағы тұрғындардың, тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін, әр-түрлі әлеуметтік тұрғыдағы адамдардың азық-түлік тауарларына қол жетімділігі, азық-түлікке қойылған бағаларға күнделікті қажетті қолданылатын тауарларды сатып алуға мүмкіндігінің және қажетті тауарларды сатып алуға қабілетті болуы қажет. Әрбір тұрғынның азық-түлікпен қамтамасыз етілуі,

экономикалық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Сондай-ақ мемлекеттің ауыл шаруашылығы саласын дамыту арқылы, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, яғни отандық тауар өндірушілер тарапынан сапалы тауарларды өндіру, әлемдік нарықтардан елімізге келетін тауарлардың барлық түрінен бас тартып, шектеу деген мағынаға келмейді. Бұл жағдайда отандық тауар өндірушілерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіп, импорталмастыруды іске асыру шаралары қарастырылып отырса, халықтың азық-түлік қауіпсіздігі толық қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, тек ішкі нарықтағы тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандырумен шектелмей, экспорттық әлеуетті арттыру мақсат болуы тиіс.

Елімізде озық деңгейде іске асырылуға әзірленген бағдарламаларды жүзеге асыру үшін саладағы әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, алға қойылған мәселелерді шешудің бірқатар сенімді тәсілдері бар екендігі, оның ішінде отандық өндірушілердің тауар өндірудегі жұмыстары икемді және тиімді түрде қорғалуы, азық-түлік импорты мен экспорты арасындағы қатынастарды экономикалық реттеу арқылы жүзеге асады.

Әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.А. Обеспечение продовольственной безопасности требует комплексных усилий всех государств. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-obespechenie-prodovolstvennoy-bezopasnostitrebuet-276876/.

2 Назарбаев призвал поддержать собственные товары. <https://dknews.kz/politika/nazarbaev-prizval-podderzat-sobstvennye-tovary.html>

3 Maitra, C. and D.S.P.Rao, 2015. Poverty-Food Security Nexus: Evidence from a Survey of Urban Slum Dwellers in Kolkata. Source of the World Development, 72(1): 308-325.

4 Garthwaite K.A., P.J. Collins and C. Vambra, 2015. Food for thought: An ethnographic study of negotiating ill health and food insecurity in a UK foodbank. Social Science and Medicine, 132(1): 38-44.

5 Филимонова Е.А. Проблемы методологии экономической безопасности в условиях экономического кризиса // Российское предпринимательство. – 2015. – № 16(13). – С.1949-1964.

6 Elena Antamoshkina, Galina Vladimirovna Timofeyeva. Food Security as a Criterion for Defining Optimum Modern Agricultural Policy Under Conditions of Import Substitution. Public Administration 6 (104):58-61 · December 2016 with 21,

7 Makasheva Y. S., Makashev, N. P., Gromova A.S., Andreeva N. V. & Ishtunov S. A. (2016). The policy of import substitution as the basis for economic security and well-being of society. IOP Conference Series: Earth and Environmental Science, 43(1), [012097]. <https://doi.org/10.1088/1755-1315/43/1/012097>

8 FAO 1996. Rome Declaration of World Food Summit and Plan of Action. <http://www.fao.org/wfs/final>.

9 Rao SR (2007) Import Substitution or Export led Strategy. Date Views 10.08.2016 www.citeman.com/2317-import-substitution-or-export-led-strategy.html

10 Basu, A. (2005). Import Substitution As Economic Development. Friday, April 15, 2005. Available Online: [http://www.umich.edu/~econdev/imports/](http://www.umich.edu/~econdev/imports/imports/)

11 Sanderatne H. (2011). Импортзамещение: это прагматичная экономическая политика? Sunday Times, Sunday November 6th, 2011. Доступен онлайн: <http://www.sundaytimes.lk/111106/Columns/eco.html>

12 Барышева Г.А., Нехорошев Ю.С. Российское сельское хозяйство: 150 лет перманентных реформ и их последствия. Материалы к публичным лекциям. – <http://selo.ru>.

13 Аграрная политика / Зинченко А.П., Назаренко В.И., Шайкин В.В. и др. / Под ред. А.П. Зинченко. – М.: КолосС, 2004. – С. 243.

14 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 6.02.2008 // www.zakon.kz.

15 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 29.01.2010 // www.gcvp.kz.

16 Жолмуханова А.Ж., Койтанова А.Ж. Продовольственная безопасность Казахстана: состояние, проблемы, пути решения// Проблемы агрорынка.-Алматы. - 2018. - № 3. - С.23-29.

17 Алшанов Р.А. Экономическая политика и развитие взаимных бизнес-процессов в странах-участницах ЕАЭС // Казахстан-Спектр. – 2014. – № 2 (68). – С. 110–112.

18 Узун В.Я. Формирование и регулирование общего аграрного рынка Евразийского экономического союза // АПК: экономика, управление. – 2015. – № 3. – С. 12–25.

19 Маслова В. В. Экономические аспекты формирования Евразийского экономического союза в аграрной сфере // Экономика сельского хозяйства России. – 2015. – № 7. – С. 89–95.

20 Assessment of food insecurity: targeted concepts and indicators for the adoption of constructive decisions [Electronic resource]. - Access mode: <http://www.fao.org/cfs/cfs-home/cfsroundtable1/ru>. - These correspond to the 15.03.2015 g.

21 Yilmazkuday H (2015) Export Promotion vs. Import Substitution. Date Views 16.07.2016 www.academia.edu/1104964

22. Евразийский экономический союз в цифрах: краткий статистический сборник; Евразийская экономическая комиссия. – М., 2017. – 204 с.

23 Абдиев М. Ж., Эргешов К. А. Состояние и развитие агропродовольственного сектора стран СНГ// Проблемы и перспективы экономики и управления: материалы V Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, декабрь 2016 г.). — СПб.: Свое издательство, 2016. — С. 29-32. — URL <https://moluch.ru/conf/econ/archive/219/11507/> (дата обращения: 11.04.2018).

References

1 Nazarbayev N.A. Obespecheniye prodovol'stvennoy bezopasnosti trebuyet kompleksnykh usiliy vseh gosudarstv. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-obespechenie-prodovol'stvennoy-bezopasnosti-trebuyet-276876/.

2 Nazarbayev prizval podderzhat' sobstvennyye tovary. <https://dknews.kz/politika/nazarbaev-prizval-podderzat-sobstvennyye-tovary.html>

3 Maitra, C. and D.S.P.Rao, 2015. Svyaz mezhdu bednost'yu i prodovol'stvennoy bezopasnost'yu: dannyye obsledovaniya zhiteley gorodskikh trushchob v Kal'kutte. Istochnik mirovogo razvitiya, 72 (1): 308-325.

4 Garthwaite, K.A., P.J. Collins and C. Bamba, 2015. Pishcha dlya razmyshleniya: etnograficheskoye issledovaniye problem so zdorov'iem i otsutstviya prodovol'stvennoy bezopasnosti v prodovol'stvennom banke Velikobritanii. Sotsiologiya i meditsina, 132 (1): 38-44.

5 Filimonova, Ye.A. (2015). Problemy metodologii ekonomicheskoy bezopasnosti v usloviyakh ekonomicheskogo krizisa. Rossiyskoye predprinimatel'stvo, 2015, № 16 (13), s.1949-1964.

6 Yelena Antamoshkina, Galina Vladimirovna Timofeyeva. Prodovol'stvennaya bezopasnost' kak kriteriy opredeleniya optimal'noy sovremennoy agrarnoy politiki v usloviyakh importozameshcheniya. Gosudarstvennoye upravleniye 6 (104): 58-61 • Dekabr 2016 goda s 21.

7 Makasheva, YU. S., Makasheva, N. P., Gromova, A. S., Andreyeva, N. V., Ishtunov, S. A. (2016). Politika importozameshcheniya kak osnova ekonomicheskoy

bezopasnosti i blagopoluchiya obshchestva. Seriya konferentsiy IOP: Nauka o Zemle i okruzhayushchey srede, 43 (1), [012097]. <https://doi.org/10.1088/1755-1315/43/1/012097>

8 FAO, 1996 g. Rimskaya deklaratsiya Vsemirnogo prodovol'stvennogo sammita, Plan deystviy. <http://www.fao.org/wfs/final>.

9 Rao S.R. (2007) Strategiya importozameshcheniya ili eksporta. Data prosmotra 10.08.2016 www.citeman.com/2317-import-substitution-or-export-led-strategy.html

10 Basu A. (2005). Importozameshcheniye kak ekonomicheskoye razvitiye. Pyatnitsa, 15 aprelya 2005 g. Dostupno na sayte: <http://www.umich.edu/~econdev/importsub/>

11 Sanderatne, N. (2011). Importozameshcheniye: eto pragmatichnaya ekonomicheskaya politika? Sunday Times, voskresen'ye 6 noyabrya 2011 goda. Dostupen onlayn: <http://www.sundaytimes.lk/111106/Columns/eco.html>

12 Barysheva G.A., Nekhoroshev YU.S. Rossiyskoye sel'skoye khozyaystvo: 150 let permanentnykh reform i ikh posledstviya. Materialy k publichnym lektsiyam. - <http://selo.ru>.

13 Agrarnaya politika /A.P. Zinchenko, V.I.Nazarenko, V.V. Shaykin i dr .; (pod red. A.P. Zinchenko). - M.: KolosS, 2004. - S. 243.

14 Poslaniye Prezidenta Respubliki Kazakhstan N.A. Nazarbayeva narodu Kazakhstanana ot 6.02.2008 // www.zakon.kz.

15 Poslaniye Prezidenta Respubliki Kazakhstan N.A. Nazarbayeva narodu Kazakhstanana ot 29.01.2010 // www.gcvp.kz.

16 Zholmukhanova A.ZH., Koytanova A.ZH. Prodovol'stvennaya bezopasnost' Kazakhstanana: sostoyaniye, problemy, puti resheniya // Problemy agrorynka.-Almaty.-2018.-№3.-S.23-29.

17 Alshanov R.A. Ekonomicheskaya politika i razvitiye vzaimnykh biznes-protsessov v stranakh-uchastnitsakh YEAES // Kazakhstan-Spektr. - 2014. - № 2 (68). - S. 110-112.

18 Uzun V.YA. Formirovaniye i regulirovaniye obshchego agrarnogo rynka Yevraziyskogo ekonomicheskogo soyuza // APK: ekonomika, upravleniye. - 2015. - № 3. - S. 12-25.

19 Maslova V. V. Ekonomicheskiye aspekty formirovaniya Yevraziyskogo ekonomicheskogo soyuza v agrarnoy sfere // Ekonomika sel'skogo khozyaystva Rossii. - 2015. - № 7. - S. 89-95.

20 Otsenka otsutstviya prodovol'stvennoy bezopasnosti: tselevyye kontseptsii i pokazateli dlya prinyatiya konstruktivnykh resheniy [Elektronnyy resurs]. - Rezhim dostupa: <http://www.fao.org/cfs/cfs-home/cfsroundtable1/ru>. - Oni sootvetstvuyut 15.03.2015 g.

21 Yilmazkuday KH. (2015) Prodvizheniye eksporta protiv importozameshcheniya. Data prosmotrov 16.07.2016 www.academia.edu/1104964

22 Yevraziyskiy ekonomicheskiy soyuz v tsifrakh: kratkiy statisticheskiy sbornik; Yevraziyskaya ekonomicheskaya komissiya. - Moskva: 2017. - 204 s.

23 Abdiyev M. ZH., Ergeshov K. A. Sostoyaniye i razvitiye agroprodovol'stvennogo sektora stran SNG // Problemy i perspektivy ekonomiki i upravleniya: materialy V Mezhdunar. nauch. konf. (g. Sankt-Peterburg, dekabr' 2016 g.). - SPb.: Svoye izdatel'stvo, 2016. - S. 29-32. - URL <https://moluch.ru/conf/econ/archive/219/11507/> (data obrashcheniya: 11.04.2018).